

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 149-152.

ӘОЖ 82-1-9

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «МЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

*Қайпен Ә. Б., 2 курс студенті,
Жаламан С. Е., 2 курс студенті.*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Шетелдік және қазақ тіл білімінің осы күнгі дамуы тіл білімі зерттеулерінің антропоэлектік бағытқа ойысуымен сипатталады. Әлемді тілдік бірліктер арқылы тануда «концепт» термині маңызды рөл атқарады. Бұл терминді теория тұрғысынан зерттегендер: Г. Филмор, В.А. Маслова, Н. Хомский, Дж. Лакофф, Е.С Кубрякова және т.б.

Лингвистика ғылымында «концепт» термині ертеден келе жатқан сонымен қатар жаңа қолданысқа ие болған термин. 1928 жылы С.А. Аскольдов «Концепт және сөз» атты мақала жазады. Бірақ, «концепт» сөзі термин ретінде 20-шы ғасырдың ортасына дейін қолданыста болмады. Ол ғылыми қолданысқа ХХ ғасырдың 80-жылдары ағылшын ғалымдарының еңбектерін аудару барысында енді. Қазіргі таңда да «концепт» термині зерттелу үстінде. С.А. Аскольдов: «Концепт – бұл ойлау үрдісінде көптеген нәрсенің орнын баса алатын ой құрылымы», – десе [1], Е.С. Кубрякова: «... концепт пен ұғым адам түсінігі мен ойының (пайымының) әр түрлі аспектісімен арақатынаста болады» дей келе, «ұғым – ақыл ой-әркетінің жоғарғы нәтижесі, белгілі бір логикалық түрде іске асатын объективті әрекеті бейнелеудің маңызды бір түрі болып табылады, концепт кеңінен түсіндеріледі, бұған оперативті сананың түсініктері, бейнелері, ұғымдары сияқты әр түрлі субстартты бірліктер кіреді», – деп түсіндіреді [2]. В.Н. Телияның түсіндіруінше, концепт – ол адам санасының, ой әрекетінің жемісі. Ол – құрылым, тілдің көмегімен қайтадан құрылады, жасалмайды [3].

Қазақ тіл білімінде концепт ұғымына байланысты мәселелерді Р. Сыздық, А. Салқынбай, Ж. Манкеева, Б. Тілеубердиев, М. Күштаева, А. Қайдар, Г. Смағұлова, А. Ислам, А. Әмірбекова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылып келеді.

«Мен» концептісі Махамбеттің жырларында өте көп кездеседі. Енді ақынның поэзиясындағы «Мен» концептісінің қызметіне тоқталайық.

Зерттеуші ғалым Х.Сүйіншәлиев Махамбет поэзиясындағы «Мен» жайлы мынадай ой білдірген: «Махамбеттің көптеген өлеңдерінде кездесетін ақындық «Меннің» мәні терең. Оған халық ерлігі, халықтың ең асыл қасиеттердің бәрі түгел сыйып жатады» [3]. Шыны керек, М. Өтемісұлы

жырларындағы «Мен» ақынның бар болмысын, ақынның батырлығын, күрескерлігін айғақтайды.

Біз зерттеу мақаламызды жазу барысында М. Өтемісұлының «Жорық жырлары» атты өлеңдер жинағына жүгіндік. Статистикалық мәлімет бойынша бұл жинақта Махамбеттің 80 өлеңі жарияланған. Соның ішінде «мен» тұлғасы анық көрінетін 13 өлеңі бар. «Мен» концептісі мына өлеңдерде кездеседі: «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» (9, 10, 11, 13, 14 бөлімдері), «Еріскедей ер болса», «Мен едім», «Белгілі туар ер едім», «Махамбеттің ордадан кетерде ханға айтқаны», «Мен – тауда ойнаған қарт марал», «Мен – ақсұңқар құстың сойымын», «Боз ағаштан биік мен едім», «Жалғыздық», «Мен – ақсұңқардан туған құмаймын», «Қызғыш құс» өлеңдері.

Ақынның осы өлеңдеріндегі көптеген троп, метафора (ауыстырулар) ақын тіліндегі көркемдеуіш құралдардың сан алуан құбылып отыратынын анық байқауымызға болады.

Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінің» 13,14 бөлімдері «Мен, мен едім, мен едім» деп басталады:

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында,
Екі тарлан бөрі едім. [4]

Осы екі өлеңде ақынның «Мен» концептісі екі түрлі сипатта көрінеді. 13-бөлімде Махамбет өзінің ауыр шайқастағы жауына мейірімсіз, қатыгез, катал жауынгер ретіндегі образын танытады:

Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атандай даусын ақыртап,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кессем деп едім. [4]

Бұл өлеңде көтерілістің басшысы ретінде танылады. Себебі, ханға қарсы көтерілістің алдына қойған мақсатын жыр етеді:

Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім [4] көтерілістің өз мақсатына жете алмағанына өкініш білдіреді. Яғни, бұл жерде ақын өзін халық кегін қуушы, ел тағдырына жауапты тұлға ретінде сезінеді. Бұл Махамбеттің «Мен» концептісіндегі ерекшелігі.

14-бөлімде Махамбет хан тұқымымен бітіспес жау, ержүрек батыр ретінде көрінеді. Бұл Махамбеттің «Мен» концептісінің екінші ерекшелігі:

Хан баласы ақсүйек,
Ежелден табан аңдысқан
Ата дұшпан сен едің [4] – деп жыр етеді.

«Махамбеттің Ордадан кетерде ханға айтқаны» атты өлеңі жоғарыдағы екі өлеңіндегі «Мен» концептісін біріктіретін өлең:

Он екі төбет, шұнақ хан,
Шабатының ел екен,
Күндейтінің мен екем.
*Хан ұлына қас болу,
Қара ұлына бас болу –*
Мендей ерге жөн екен! [4]

Осы өлеңге мазмұны жағынан жақын «Белгілі туған ер едім» атты өлеңі.

Белгілі туған ер едім,
Беліме садақ асынғын,
Біріндеп жауды қашырған.
Мен келелі қара бұлтпын,
Келе жаумай ашылман.
Қарсыласқан дұшпанға
Найзағай менен жасылман [4].

Бірақ мұндағы ерекшелік өлең толығымен метафораға құрылған. Яғни, ақын өзінің күшті, қайратты, қаһарлы батыр ретіндегі бейнесін метафоралық түрде берген.

Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде Махамбет:

Мен кескекті ердің сойымын,
Кескілеспей басылман.
Алдыңа келіп тұрмын деп,

Ар-намысым қашырман, - дейді. Бұл нағыз қиын жағдайда жазылған өлеңі. Бұл жерде ақын өзін аяғында нық ұстап тұратын, айтқанынан қайтпайтын ердің ұлымын, сондай ердің ұрпағымын дегенді меңзейді. Ар-намысымды қашырмай, саған қарсы келіп тұрмын дейді.

Махамбеттің «Мен едім» өлеңінде:

Боз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Ел құтқарар мен едім,
Жандаспай ақыры бір тынбан.
Томағалы сұңқар мен едім
Толғамалы найзамен
Толықсып жауға шапқанда,
Бір озғанмын жұртымнан.
Ер дұшпаны көп болар,
Қатын дұшпан, жігіттер,

Не демес дейсің сыртымнан?! [4] – деп жырлап өткен Махамбет ақын өзін бұлтқа бір елі жетпей тұрған ағашқа, көкте самғап ұшатын сұңқар құсқа теңейді. Менің биікке самғайтынымды көре алмаушылар бар дейді. Сыртымнан не десе дағы, мен сияқты биіктен көріне алмайды.

Махамбеттің бір қатар өлеңдері қайғы, мұң сарынында жазылған. Оларға «Қызғыш құс», «Жалғыздық», «Мұңайма», «Біткен істің міні жоқ» т.б.

Мәселен, «Қызғыш құс» өлеңінде елі менен жерінен айырылған жанның мұңды бейнесі танылады. Ақын бұл жерде өзін елдің көшбасшысы ретінде таниды. Елінен жыраққа кеткеніне сол себептен де қатты қайғырады.

Ел қорыған мен едім,
Мен де айырылдым елімнен.

Көл қорыған сен едің,

Сен де айырылдың көліңнен [4] – деп мұң-шерін қызғыш құсқа шағады.

Ал «Жалғыздық» өлеңі ақынның «Мен» концептісін ашатын философиялық сипаттағы өлең.

Бәрін айтта бірін айт,
Қаумалаған қарындас

Қазақта бар да, менде жоқ [4] – деген жолдардан ақынның өзін жалғыз сезінуін аңғарамыз. Яғни, бұл өлеңде ақын дүниеде тұрақты ештеңе жоқ, бәрі де өтпелі, бәрі де көшпелі екенін түсіне алған, өзін жүйрік ойлы тұлға ретінде таниды. Және сол себепті де қалың елдің ішінде өзін түсінетін ағайынның жоқтығына қапа болмады.

«Менің атым – Махамбет» атты өлеңі өзін таныстыру өлеңіне жатады.

Менің атым – Махамбет,
Жасқұстағы Жәңгір хан
Ісінен болдым құса-дерт.

Атасы өткен Айшуақ –
Соның көзін көрді ғой:

Менің атам Өтеміс

Елдің қамын жеді ғой [4] – деген жолдардан Махамбеттің хан ұрпағымен атадан келе жатқан келіспеушілік болғандығын ұғынамыз.

Қорытындылай келе, Махамбет поэзиясындағы «Мен» концептісі – ол тек өз атынан ғана айтылып тұрған «Менді» білдірмейді. Көбінесе ақын «Мен» деп барша жұртының атынан шығып сөйлеген. Аталмыш мотив жас ұрпаққа жігер береді, ұлттық сананы оятуда маңызды қызмет атқарады. Яғни, жалпылық мәндегі «Мен» тұлғасы айқын байқалады. Сонымен қатар Махамбетте жалқылық мәндегі «Мен» де анық ашылған. Өзін таныстыру мақсатында қолданған «Мен», «Мен – ақсұңқардың сойымын», «Мен – тауда ойнаған қарт марал», «Мен – ақсұңқардан туған құмаймын» деген жолдардан ақынның жеке басын айтып тұрғандығы анық көрінеді. Яғни, өршіл «Мен» тұлғасы айқын бейнеленген. Бұл ақынның өзіндік стильдік ерекшелігі. Өзін құмай құсқа, қарт маралға теңеуі – өзінің күшті, өршіл, жауына тойтарыс бере алатындығын анық көрсетеді.

*Ғылыми жетекшілері: Ерсаинова А.Б.,
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі
Орынтай Шолпан, филология
ғылымдарының магистрі*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аскольдов, С.А. (1997). *Концепт и слово*. Антология. М., 279.
- 2 Кубрякова, Е. (2004). *Понятие «парадигма» в лингвистике*. М., 164.
- 3 Сүйіншәлиев, Х. (1992). *XIX ғасыр әдебиеті*. Алматы: Ана тілі, 1992. 360.
- 4 Серікбаева, К. (2007). *Махамбет, Жорық жырлары, өлеңдер жинағы*. Алматы: Халықаралық Абай клубы, Жидебай, 404.